

"Б" корпусындағы Ордабасы аудандық мәслихат аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" Ордабасы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 маусымдағы № 43/12 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 27 қазандағы № 46/3 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 5 қарашада № 3417 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 51/3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 20.01.2016 № 51/3 шешімімен.

"Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу және оларды аттесттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы Жарлығының 27-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 86 бұйрығымен бекітілген "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың үлгілік әдістемесінің 2-тармағына сәйкес, Ордабасы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ордабасы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 маусымдағы № 43/12 "" Б" корпусындағы Ордабасы аудандық мәслихат аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3274 тіркелген, 2015 жылғы 1 тамыздағы "Ордабасы оттары" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімімен бекітілген орыс тіліндегі "Б" корпусындағы Ордабасы аудандық мәслихат аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесінің 13 тармағына өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгертілмейді.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат
хатшысы*

Т.Жанысбаев

Б.Садвахасов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК